Бекітемін
№3 Хромтау орта мектебінің
директоры
Ш. Е. Өтебаев

**«№3 ХРОМТАУ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ БОЙЫНША**

**ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**Әлеуметтік педагог: Нұрлан Ә. Н.**

**2024 - 2025 оқу жылы**

**Әлеуметтік педагогтің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Мектептің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының мақсаты:

Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Міндеттері:

- Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;
- «Бала-отбасы-мектеп» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;
- Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

Жылдық жоспар Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген.

| № р/с | Іс-шаралар | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Есеп беру нысандары |
|---|---|---|---|---|
| | ***І. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу*** | | | |
| 1 | - Мектептің әлеуметтік куәлігін (паспорт) құру;<br>- Мектеп оқушыларының әлеуметтік картотекасын жасау:<br>- Әр сыныпқа әлеуметтік диагностикалық куәлік (паспорт) жасау;<br>• Толық емес (ата – анасының біреуі қайтыс болған) отбасының балалары;<br>• Көп балалы отбасы балалар;<br>• Тұрмысы төмен отбасы балалар тізімі;<br>• Үйде оқытылатын оқушылар тізімі;<br>• Форма -4<br>• Жалғызбасты ана тәрбиесіндегі балалар тізімі;<br>• Жалғызбасты әке тәрбиесіндегі балалар тізімі;<br>• Өгей әкемен бірге тұратын балалар тізімі;<br>• Өгей шешемен бірге тұратын балалар тізімі;<br>• Жалдамалы пәтерде тұратын балалар тізімі; | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог:<br>Сынып жетекшілер | Әлеуметтік санаттағы балаларды анықтау<br><br>Әлеуметтік паспорт |
| 2 | Қажет деп тапқан ата-аналарға, оқушыларға әлеуметтік – психологиялық жұмыстар жүргізу(телефон, ватсап желісі арқылы)<br>Бала тәрбиесі мен қарым-қатынасты жақсарту жайында ата-аналар үшін ұсыныстар дайындау, кеңестер беру, мотивациялық тестер жүргізу , психологиялық, педагогикалық кеңес беру (телефон, ватсап желісі арқылы) | | | Анықтамалар |
| 3 | Сынып жетекшілермен бірлесе отырып өгей әке, өгей анамен тұратын оқушылармен жиі байланысқа шығу, тұрмыстық жағдайларын бақылау, ағарту жұмыстарын жүргізу, акт жүргізу | | | АКТ жасау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Құжаттармен жұмыс:<br>- Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарын құру, бекіту<br>- **«Мектепке жол»** акциясын ұйымдастыру;<br>- Мемлекеттік көрсетілетін стандарт түрлерімен жұмыс жасау;<br>- Кеңес беру журналы<br>-Тіркеу журналы<br>- Саламтамалық журнал<br><br>- Үй аралау журналы<br>- Сабаққа ену журналдарын яғни әлеуметтік топтағы оқушылардың сабақтарына қатысу дәптерін арнау.<br>Әлеуметтік топтағы оқушылардың қашықтықтан оқуға болған жағдайда дайындығын бақылау, оқуға қажетті құрал-жабдықтарын анықтау. | тамыз –қыркүйек | Әлеуметтік педагог директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Құжаттармен жұмыс<br><br>Журналдарды толтыру |
| 5 | Әлеуметтік статустағы ата-аналарға берілетін жәрдемақы жөнінде ақпараттар беру | | | Тізім жасау |
| 6 | АСП алатын отбасылардың алдағы уақытта берілетін әлеуметтік пакет алатын отбасы тізімін нақтылау | | | |
| 7 | Аз қамтылған, әлеуметтік санаттағы оқушыларды «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен берілетін киім – кешекпен қамтамасыз ету;<br>Келешек өмірлік ұмтылыстарды қалыптастыру психологпен бірлесіп жұмыс жасау<br>Қолайсыз отбасыларды үнемі бақылауда ұстау, ата-аналармен байланыска шығып отыру | Қазан | Әлеуметтік педагог: | Құжаттармен жұмыс |
| 8 | «Кел,Жаңа жыл, Жаңа жыл!» атты тақырыпта әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларына жаңа жылдық шырша ұйымдастыру; ҚР Елбасының шыршасына, аудан әкімінің шыршасына әлеуметтік санаттағы балаларды қамту; | Желтоқсан | Әлеуметтік педагог:<br><br>ДТЖ орынбасары: | Анықтама |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***II. Балалық құқығын қорғау жұмысы*** | | | |
| 1<br>2<br>3<br>4<br>5 | Ерекше мұқтаждыққа ие оқушылармен жұмыс: (үйден оқитындарға)<br>✓ Оқушылардың тізімін жасақтау және денсаулығына мониторинг жүргізу;<br>✓ Әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата – анасымен танысу;<br>✓ Оқу – тәрбие жұмыстарымен қамтылуына бақылау жасау;<br>✓ Мәдени іс – шараларға тарту; «Әрбір бала бір жұлдыз жарқырауына жәрдем ет! | Жыл бойы<br><br>Қараша | Әлеуметтік педагог: | Тізім<br><br>Анықтама |
| | ***III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс*** | | | |
| 1 | - Қиын жағдайға тап болған немесе зорлық – зомбылықтан зардап шеккен балаларды анықтау; | Қаңтар | Әлеуметтік педагог:<br>Мектеп психологы: | Үй аралау, АКТ толтыру |
| 2 | - Психологпен бірге жетім ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың ортаға бейімділігін анықтау; | Ақпан айы | Мектеп психологтары<br>Әлеуметтік педагог | Терапия түрлері. |
| 3 | - Оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу және кеңестер беру;<br>- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу; | Наурыз айы | Мектеп инспекторы | - |
| 4 | - Қиын жағдайда тап болған немесе зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларды анықтау. Анықталған отбасымен және оқушымен арнаулы әлеуметтік қызметтерді ықпалдастыру.Құқықтарын қорғау. | Сәуір айы | | "Отбасы мен ата-аналары баланың көзімен" тақырыбында сауалнама |
| 5 | Аз қамтылған, әлеуметтік санаттағы балалардың бос уақыты мен жазғы демалысын ұйымдастыру | Жыл бойы | Әлеуметтік педагог:<br>ДТЖ орынбасары: | Тиісті құжаттар |
| | ***IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы*** | | | |
| 1 | Әдістемелік оқу құралдарын жинақтау (ата- аналарға сынып жетекшілерге және оқушыларға арналған жадынама) | Жыл бойы | Әлеуметтік педагог: | Әдістемелік құралдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Мектепшілік педагогикалық кеңестерге қатысу;<br>-Аудандық, облыстық семинарлар ұйымдастыру және қатысу;<br>-Білім көтеру курстарынан өту. | | | Анықтама |
| 2 | Пән мұғалімдері, психологтар сынып жетекшілермен және әкімшілікпен кеңесе отырып бірқатар іс – шаралар өткізу. | Уақытында | Әлеуметтік педагог: | Анықтама |
| 3 | Сынып оқушыларының құжаттарын жинау , ай сайын сыныптың әлеуметтік қозғалысы туралы есеп алып отыру. | Жыл бойы | Әлеуметтік педагог:<br>ДТЖ орынбасары: | Анықтама |
| 4 | «Қамқорлық» акциясын өткізу, қайырымдылық көмек көрсетілетін оқушыларды анықтау. | Қаңтар-Ақпан | Әлеуметтік педагог:<br>ДТЖ орынбасары: | Қайырымдық акциясына берілген көмекті теңдей етіп бөліп беру.<br>Анықтама |
| ***V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс*** | | | | |
| 1 | - Әлеуметтік топтағы балалардың тұрғын-жайын зерттеу актілерін жүргізу;<br><br>- Әлеуметтік топтағы тәртібінде ауытқуы бар оқушылармен жұмыс жасап, ата-аналарына кеңес беру; | 3 айда 1 рет<br><br>Қазан айы | Әлеуметтік педагог: | АКТ жүргізу<br>Ф-4, ажыраскан отбасыларына |
| 2 | - Ата-аналар жиналыстарына қатысу;<br>- Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау | 6 айда | Әлеуметтік педагог:<br>Сынып жетекшілер | |
| 3 | 15 мамыр-Отбасы күніне орай «Отбасы - бақыт мекенім»атты іс-шара ұйымдастыру | Мамыр | Әлеуметтік педагог | Іс-шара<br>Анықтама |
| ***VI. Диагностикалау-талдау қызметі*** | | | | |
| | - Мектепке келген оқушыларға әлеуметтік диагностика | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог: | Құжаттармен жұмыс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | жасау;<br>- Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау;<br>Сынып жетекшілердің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен, заңды өкілдерімен байланысын қадағалау<br>Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар арасынан мектепте бір мезгіл ыстық тамақты ұйымдастыру,олардың уақытылы тамаққа баруын қадағалау,құжаттарын жинақтау,рәсімдеу. | | | |
| 2 | Оқушылардың әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығы, ) диагностикалау және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізу . Жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын-алу бағытында сауалнама жүргізу. | Қарапа | Әлеуметтік педагог: | Ата-аналаргаарналған сауалнама |

Әлеуметтік педагогтің 2024-2025 оқу жылына қойған міндеттері:

1. Мобильді топтағы (ерекше білімді қажет ететін, өгей ата-анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, қолайсыз, сәтсіз отбасынан шыққан оқушыларға) әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету.
2. Денсаулығына байланысты оқушыларды ПМПК-дан уақытылы өтуін қамтамасыз ету, жәрдемақыға құжаттарын уақытылы тапсыруды қадағалау.
3. Әлеуметтік санаттағы оқушылардың ата-аналарын мектепішілік шараларға тарту.